

# Shet shugylasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıası gazeti



Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady



beisenbi, 16 mamyr 2024 jyl №20 (111 13)



Бес аптаға жоспарланған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «Жасыл аймақ», «Киелі мекен», «Таза өлке», «Өнегелі ұрпақ» атауымен өткен тазалық жұмыстарына ауданымыздың барлық елді мекен тұрғындары бірігіп атсалысты. Осы өткен акциялар аясында және таза бейсенбіліктерде аудан бойынша 4555 ағаш көшеттері отырғызылып, 10000 тоннадан астам қоқыстар сыртқа шығарылған. Жалпы бұл сенбіліктерге жеті мыңнан астам

## Тазалық акциясы

### БҰЛАҚ КӨЗДЕРІ АРШЫЛЫП, МАҢАЙЛАРЫ ТАЗАРТЫЛДЫ

адам қатысты.

Өткен аптада «Мөлдір бұлақ» акциясы өтті.

Аудан орталығындағы Жақсы Жәкең бұлағы басын тазалауға мекеме қызметкерлері, еріктілер қатысып, бұлақ қоршауларын сырлап, өктейтін

жерлерін өктеп, маңайы тазаланды.

«Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, аталмыш акция аясында ауданымыздың барлық елді мекендерінде жүзеге асып, бұлақ басы тазаланды.



## 21 мамыр - Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні

### Құрметті мәдениет және өнер қызметкерлері!

Сіздерді 21 мамыр - Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен құттықтаймыз!

Бұл мерекені барша мәдениет саласының қызметкерлері ерекше көңіл күймен атап өтеді. Ауданымыздағы кітапханалар мен мұражайлар, мәдениет үйлері және ауыл клубтары қызметкерлерінің ерен еңбектерінің арқасында түрлі жобалар жүзеге асырылып, аудандық деңгейдегі фестивальдер, конкурстар, байқаулар ұйымдастырылып келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Біз ұлттық мәдениетіміз бен салт дәстүрімізді, оның жан-жақтылығы мен ұлылығын сақтай отырып, мәдени дәулетімізді шағын түйірлерден жинауымыз қажет» деп, мәдениет саласына ерекше маңыз берген.

### Құрметті мәдениет саласының қызметкерлері!

Баршаныздың шығармашылық ізденістеріңіз алдағы уақытта да халқымыздың дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға бағытталатынына сенеміз. Сала қызметкерлерінің кәсібилілігі мен ынтылы еңбегі ұрпақтар мен халықтар арасындағы берік байланысты орнатып, жас ұрпақты өз еліне және халқына деген сүйіспеншілігін арттырып тәрбиелеуді, тұлғаның рухани дүниесін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Осынау мереке күні Сіздерге зор денсаулық, мәдениет пен өнерге қызмет ету жолында жаңа шығармашылық табыстар тілейміз!

Мәдениетіміз бен өнеріміз жасай берсін!

**М.МҰХТАРОВ,**  
аудан әкімі.

**С.СОЦИАЛ,**  
мәслихат төрағасы.

## Өнер

### КӨРЕРМЕНДЕРДІҢ ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНДІ

Ш.Бейсекқызы атындағы мәдени-сауық орталығында театр мен хор ұжымдарын бірге қосқанда тұрақты түрде 13 үйірме жұмыс жасайды. Осылардың ішінде жастар мен оқушылардың көптеп қатысатын би үйірмесі ерекшеленеді. «Шах-нұр» би ансамблі 2012 жылдан бері Балғым-бекова Мейіркүл Қуанышбекқызы басқарып келеді. Ансамбльдегі 96 адам 1 үлкен, 2 орта, 2 кіші топтарға біріккен.

Шынын айту керек, осы жұмысқа Мейіркүл Қуанышбекқызы келгелі би өнері кентімізде қайта жаңғырып, жастар арасында қызығушылық

оятып, олардың үйірмелерге көптеп келуіне жол ашылды. Әрбір би топтарының мерекелік концерттерде сахнаға шығып, көрермендер алдында мың бұралып орындаған билері еркін қойылып, көпшіліктің көңілінен шығып жүр.

Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні қарсаңында кент тұрғындары дәл осындай өнерді, әдемі сәттерді, бишілердің ырғақты қимылдарын тағы бір мәрте көзімен көріп, жүрегімен сезінуіне тура келді. Өйткені өзінің көрермендеріне «Шах-нұр» би ансамблі есеп беру концертін арнайы ұсынған еді.

Өр топтың орындауындағы «Томирис», «Париж», «Мен

қазақып», «Тентегім», «Қазақ биі», «Лезгин биі», «Өзбек биі», «Ұйғыр биі», «Қуыршақ», тағы басқа билерін тамашалауға жиналған қауымның ризалығы мен ыстық ықыласына бөленді. Би

ансамблінің мүшелерін және ұстазын келе жатқан мерекелерімен құттықтай келе, алдағы уақытта да осы өнерді асқақтатып, жаңа шығармашылық ізденістерге, өнер жолында та-

быстарға жете берулерін тілейік!

**Қалижан БЕКҚОЖА,**  
Ақадыр кенті.



## БАСПАСӨЗ БАРШАҒА!

«ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ» ЖӘНЕ «ШЕТ ӨНІРІ»  
ГАЗЕТТЕРІНЕ 2024 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ-  
ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ



АУДАНЫҚ «ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ» ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1957.60 ТЕҢГЕ ИНДЕКСІ 65049

«ШЕТ ӨНІРІ» ГАЗЕТІНЕ 6 АЙҒА 1957.60 ТЕҢГЕ ИНДЕКСІ 65060

АУДАНЫҚ АПТАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРҒА «КАЗПОЧТА» АҚ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ БАЙЛАНЫС  
БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.